

Рынок продовольственной продукции

2019.- No. 2.- P. 172-182.

3 Kantureev, M.T. the Development of fodder production in Kazakhstan / M.T. Kantureyev // Izvestija NAN RK. Series of agri-cultural sciences.- 2019.- No.1.- P. 51-54.

4 Taipov, T.A. Experience and economic problems of meat production and products of its processing in Kazakhstan / T.A.Taipov // Fundamental research. - 2018. - No. 8. - P. 105-109.

5 Mizanbekova, S.K. Nurmanbekova, G.K. Development of rural territories on the basis of improving inter-industry relations in the production of compound feeds. // Nikon readings-2019. Rural territories in the country's spatial development: potential, problems, and prospects: proceedings of the international conference. science.-practical. conf.- Moscow: Russian research institute of agricultural economy, 2019. - P. 193-195.

6 Bogoviz, A. Factors of efficiency of state support of beef cattle / A. Bogoviz, I. Rykova, S.Shkodinski, S.Aksenov // APK: economy, management.- 2018.- No.3.- P. 20-27.

7 Litvina, N.V. State and problems of development of meat cattle breeding in Russia / N.V. Litvina // Economy of agricultural and processing enterprises.-2019. - No.6. - P. 28-32.

8 Shulembaeva, F.A. Problems and prospects of development of branch of animal husbandry / F.A.Shulembaeva, S.T.Akutagawa., K.M.Madenova // Problems of AgriMarket.-2018. - No.2. - P. 152-162.

9 Afanasiev, E. Development and functioning of agri-food markets: methodological and regional aspects / E.Afanasiev, A.Bykov, S. Golovatyuk // APK: economics, management.- 2019. - No. 5.- P. 40-47.

ҒТАХР 06.58.55
ӘОЖ 338.43 (574)

ТАМАҚТАНУ: ШЫНДЫҒЫ МЕН КЕЛЕШЕГІ

ПИТАНИЕ НАСЕЛЕНИЯ: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ

POPULATION NUTRITION: REALITIES AND PROSPECTS

Г.А. ҚОЖАХМЕТОВА*

э.ғ.к., доцент

Р. ШОҚАН

э.ғ.к., доцент

Э.Ж. ШАЛБУЛОВА

экономика магистрі

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

kgd-65@mail.ru

Г.А. КОЖАХМЕТОВА

к.э.н., доцент

Р. ШОҚАН

к.э.н., доцент

Э.Ж. ШАЛБУЛОВА

магистр экономики

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

G. KOZHAKHMETOVA

C.E.Sc., Associated Professor,

R. SHOKHAN

C.E.Sc., Associated Professor,

E.ZH. SHALBULOVA

Master of Economics

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Аңдатпа. Ел халқының тамақтану көрсеткіштері халықтың денсаулығын айқындайтын оның өмір сүру сапасының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Басым маңызы бар тәуекел факторларының қатарында ұтымды тамақтануға, оның құрылымына елеулі орын

беріледі. Дәл осы дұрыс тамақтану аурудың алдын алуға, жұмысқа қабілеттіліктің артуына ықпал етеді және қоршаған ортаға барабар бейімделу үшін жағдай жасайды. Аталған мәселенің өзектілігі оның жаһандық сипатымен, халықаралық ұйымдардың ілтипатымен расталады. Мақалада «тамақтану, тағам өнімдерін тұтыну, оның түрлері: толыққанды, толық емес, жеткілікті» деген түсініктер мағынасы ашылған. Қазақстанда азық-түлікпен қамтамасыз етудің сипатын анықтайтын өлшемдер қарастырылған: болуы, қол жетімділігі, жеткіліктілігі. Табысы күнкөріс деңгейінен жоғары және төмен топтар бойынша елде және өңірлерде негізгі тамақ өнімдерін тұтынуға талдау жүргізілген, оларды қала және ауыл тұрғындарының тұтынуында ауытқулар, оларды децильді топтардың, он сегіз жасқа дейінгі балалары бар үй шаруашылықтарының пайдалануындағы айырмашылықтар анықталған. Қоректену құнарлылығының энергетикалық құндылығы мен құрылымы негізделген, тамақтану рационалына әсер ететін себептер, факторлар қарастырылған және талданған. Жан басына шаққандағы ақшалай табыстар бойынша азық-түлік бағасы мен сатып алу қабілеті талданған. Азық-түлікті сатып алуға арналған шығыстар деңгейі көрсетілген, өнім өндіруді қамтамасыз ететін оның өндірушілердің деректері ұсынылған. Халықаралық тәжірибе негізінде республика халқының тамақтануын жақсарту шаралары ұсынылған.

Аннотация. Показатели питания населения страны являются важнейшими составляющими его качества жизни, определяющими здоровье населения. В числе факторов риска, имеющих приоритетное значение, значительное место отводится рациональному питанию, его структуре. Именно здоровое питание способствует профилактике заболеваний, повышению работоспособности и создает условия для адекватной адаптации к окружающей среде. Актуальность обозначенной проблемы подтверждается ее глобальным характером, вниманием международных организаций. В статье раскрыто понятие «питание, потребление пищевых продуктов, его виды: полноценное, неполноценное, достаточное». Рассмотрены критерии, определяющие характер продовольственного обеспечения в Казахстане: наличие, доступность, достаточность. Проведен анализ потребления основных продуктов питания в стране и регионах по группам с уровнем дохода выше и ниже прожиточного уровня, выявлены отклонения в употреблении их городскими и сельскими жителями, различия в использовании их децильными группами, домохозяйствами, имеющими детей в возрасте до восемнадцати лет. Обоснована энергетическая ценность и структура калорийности питания, рассмотрены и проанализированы причины, факторы, влияющие на рацион питания. Проанализированы цены и покупательская способность продуктов питания по среднедушевым денежным доходам. Показан уровень расходов на приобретение продовольствия, представлены данные его производителей, обеспечивающих производство продукции. На основе международного опыта предложены меры по улучшению питания населения республики.

Abstract. Nutrition indicators of the country's population are the most important components of its quality of life, determining the health of the population. Among the risk factors that have priority, a significant place is given to rational nutrition, its structure. It is a healthy diet that contributes to the prevention of diseases, increase efficiency and creates the conditions for adequate adaptation to the environment. The relevance of the identified problem is confirmed by its global nature, the attention of international organizations. The article reveals the concept of "nutrition, food consumption, its types: full, not full, sufficient". Criteria that determine the nature of food supply in Kazakhstan are considered: availability, accessibility, sufficiency. The analysis of consumption of basic food products in the country and regions by groups with incomes above and below the subsistence level was carried out, deviations in their consumption by urban and rural residents, differences in their use by decile groups, households with children under the age of eighteen were revealed. The energy value and structure of caloric intake are justified, the reasons, factors affecting the diet are considered and analyzed. The prices and purchasing capacity of food products per capita cash income are analyzed. The level of expenses for the purchase of food is shown, the data of its producers providing production of products are presented. Based on international experience, measures to improve the nutrition of the population of the republic.

Түйінді сөздер: азық-түлік, толыққанды тамақтану, тұтыну, азық-түлікке қол жетімділік, энергетикалық құндылығы, құнарлылығы, тамақ өнімдерінің химиялық құрамы, ақшалай табыстар.

Ключевые слова: продовольствие, полноценное питание, потребление, доступность продуктов, энергетическая ценность, калорийность, химический состав пищевой продукции, денежные доходы.

Keywords: food, good nutrition, consumption, availability of products, energy value, calories, chemical composition of food products, cash income.

Кіріспе. Тұрақты даму мақсаттары аштықты жоюды, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және тамақтануды жақсартуды көздейді [1]. Тамақтану – тірі ағзаның азық-түліктің көмегімен өмірін және денсаулығын сақтауға мүмкіндік алуы, яғни азық-түлік өнімдеріндегі қоректік заттарды тұтынуы және оларды ағзада одан әрі сіңіру үрдісі. Қажеттіліктерді қанағаттандыру үрдісінде азық-түлікті тұтыну, өнімді пайдалану арқылы іске асады. Экономикада тұтыну игіліктерді немесе қызметтерді сатып алуға теңестіріледі. Табыс алу немесе жинақты жұмсау арқылы тұтынуды қанағаттандыруға болады. Тамақтану жағдайлары жеткілікті мөлшердегі азық-түлікпен тамақтану және жеткіліксіз тамақтану деп екі топқа бөлінеді. Адамдар жеткілікті тамақтануға және денсаулықты сақтауға құқылы, бұл адамдардың денсаулығы мен әл-ауқатының негізі қайнар көзі. Толыққанды тамақтану неғұрлым жоғары жеке табыспен байланысты, яғни бұл макроэкономикалық және әлеуметтік өсуге ықпал етеді. Жеткіліксіз тамақтану керісінше, ұлттық экономикалық өсуге себеп болатын еңбек өнімділігінің артуына теріс әсерін тигізеді. Оның себеп-тері мен салдарына қарсы күресті тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудің міндетті шарты деп санаған жөн.

Тамақтану мәселесіне бағытталған заманауи көзқарас негізінен мемлекетке аштықты жеңуге және қоғамның барлық мүшелері үшін азық-түлік қауіпсіздігін жүзеге асыру бойынша құқықтық міндеттемелерді жүктейді. Алайда, бұл үкіметтің азық-түлікті қажет ететіндердің барлығына тегін беруге міндетті дегенді білдірмейді, ал мемлекет тарапынан тамақпен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін азық-түліктерді өндіру немесе сатып алуға мүмкіндік туғызатын қолайлы ортаны құру және қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешу қажет. Егер адамдар өз қаражатын пайдалана отырып, өздерін азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабілетсіз болса, мемлекет азық-түлікпен қамтамасыз етуге тиіс.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Соңғы жылдары жер шарының шамамен 821 миллион тұрғыны, яғни әлемнің әрбір тоғызыншы адамы азық-түлік тапшылығын сезінуде, салауатты және белсенді өмір сүру салтын ұстану үшін жеткілікті тамақтанбай отыр. Ашаршылық пен тойып тамақ ішпеу, шын мәнінде, бүкіл әлемде денсаулықтың басты қауіп-қатері болып табылады [1, 2]. Адам құқықтары туралы

халықаралық биліктің бір бөлігі болып табылатын Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіде жеткілікті өмір сүру деңгейіне құқықтың маңызды құраушысы ретінде жеткілікті тамақтануға құқық танылады. Онда сондай-ақ «әрбір адамның ашаршылықтан құтылу құқығы» тікелей айтылады [3]. Сонымен, жеткілікті тамақтануға құқық әрбір адамның – ер адам, әйел адам мен баланың жеке-дара немесе басқалармен бірлесе отырып, кез келген уақытта жеткілікті тамақтануға қол жеткізе алуы үшін табиғи және экономикалық мүмкіндіктерге ие болған немесе оған қол жеткізу үшін қаражаттары бар болған жағдайда жүзеге асырылады. Әлемдік деңгейде 2015 жылы 2030 жылға қарай жеткіліксіз тамақтануға байланысты мәселелерді жоюға қатысты шешім қабылдады. Алға қойылған мақсатқа қол жеткізуді жеделдетуге ұмтыла отырып, Біріккен ұлт-тар ұйымы тарихта алғаш рет 2016-2025 жылдарға бағытталған азық-түлік саласындағы он жылдыққа арналған шараларды жариялады. 2016 жылға дейінгі кезеңге арналған, азық-түлік саласындағы бірқатар мақсаттар келісілді. Алайда бұл мақсат-тарға әлі күнге дейін қол жеткізілген жоқ.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Халықтың "тұрақты, еркін, не тікелей, не сатып алу жолымен, сандық және сапалық жағынан жеткілікті түрде тұтынушы өкілі болып саналатын халықтың мәдени дәстүрлеріне сәйкес келетін және жеке, сондай-ақ ұжымдық тәртіппен қанағаттанарлық және лайықты психикалық, физикалық өмірді қамтамасыз ететіндей азық-түлікке қол жеткізуі тиіс» [4].

Жеткілікті түрде тамақтану азық-түліктің бар болуын, қолжетерлігін және жеткіліктілігін қарастырады [қараңыз 4]. Жеткіліктілік ұғымы индивидтің мәдени аспектілерін, сонымен қатар физиологиялық ерекшеліктерін (мысалы, жынысы, жасы мен денсаулық жағдайын) ескере отырып, санына, сапасы мен қабылдауына негізделеді. Мұнда тамақтануға құқық азық-түлік қауіпсіздігі мен азық-түлік суверенитеті ұғымымен ауысады, әйтсе де аталмыш түсініктер әр түрлі сипатталады. Азық-түлік қауіпсіздігі тамақтануға құқықты толық көлемде пайдалану үшін алғышарт болып табылады [қараңыз 2; 5, 6]. Тамақтануға құқық азық-түліктің жетіспеушілігі себепті іске асырылмай отырылғандығы жөнінде сөз қозғауға болады, бірақ та FAO-тың (БҰҰ-ның азық-түлік және ауыл шаруа-

шылық ұйымы) анықтауы бойынша жер шары халқын тамақтандыруға бағытталған жеткілікті азық-түлік өндіріледі. Жалпы, соңғы екі онжылдық ішінде азық-түлікке қажеттілік мөлшері халық санының артуына, егіннің барынша бітік шығуына, табыс деңгейінің артуына және тамақтану мәзірінің барған сайын әр алуандануына байланысты тұрақты артып келеді. Соған қарамастан климаттың өзгеруі дәннің шығымдылығын төрттен бір бөлігіне дейін азайтуы мүмкін. Табиғи ресурстар теңдесіз қарқынмен сарқылуда. Тамақ өнімдерін өндірудің өсуі, азық-түлікке деген жылдам артып келе жатқан сұранысты қанағаттандыра алмауда.

Алайда, аштық пен жеткілікті тамақтанбаудың негізгі себебі азық-түліктің жетіспеушілігі емес, қолда бар азық-түлікке қол жеткізудің жетіспеушілігі болып отыр. Азық-түліктің бағасы бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті, адамдардың азық-түлікке қол жеткізуіне кедейшілік, әлеуметтік оқшаулау және кемсітушілік кедергі келтіруде. Кедейшілік жағдайында өмір сүріп отырған адамдар азық-түлікті жеткілікті деңгейде тұтына алмай отыр. Ауыл тұрғындары, тіпті өздері тамақ өнімдерін өндіріп отырса да, кедейшілік деңгейінде қалуда. Алайда, нарыққа қолжетімділіктің болмауы олардың өз өнімдерін сатуына және тамақтық рационға қажетті басқа да азық-түлік өнімдерін сатып алу мүмкіндігін төмендетуде. Ауылдық жерлердегі аштық пен жеткілікті тамақтанбау, халықты қолайлы өмір сүру жағдайын іздеуге, яғни қалалық елді-мекендерге тұрғылықты жерлерін ауыстыруға мәжбүр етуде, бірақ ауыл халқының қалалық елді-мекендердегі жұмыс орындары үшін тиісті мамандықтары мен кәсіби біліктілік дайындығы сәйкес келмеуі мүмкін. Тұрғылықты жері бойынша тіркеудің болмауы, экономиканың бейресми секторында жұмыс істеп жатқан ауылдық елді-мекендерден қоныс аударушылардың әлеуметтік қорғау бағдарламаларына қол жеткізуге кедергі болады. Сондай-ақ ашаршылықтан зардап шегіп отырған әлем халқының 20%-ы қалалық жерлерде кедейшілік жағдайында өмір сүруде. Өз бетінше жұмыспен қамтылуын қоса алғанда, ақы төленетін еңбектің болмауы оларға экономикалық қолжетімсіз болып табылатын азық-түлік өнімдерін сатып алуға мүмкіндік бермей отыр. Тағы бір әлеуметтік аз қамтылған топ, бұл әйел адамдар мен балалар, олардың құқықтары гендерлік теңсіздік салдарынан және олардың әлеуметтік, экономикалық, азаматтық және саяси құ-

қықтары мен билік ету өкілеттіліктерін жүзеге асыру мүмкіндіктерінің болмауынан аяқ асты етілуде [қараңыз 1].

Қазақстандықтардың азық-түлікке қолжетімділігі және азық-түліктің жеткілікті деңгейіне жасалған талдау нәтижелері, Қазақстан үшін ашаршылық мәселесінің өткір еместігін көрсетіп отыр. Қазақстанда азық-түлік өндірісінің орташа көлемі соңғы он бес жыл ішінде тұрақты өсуде. Елде өзін-өзі өсімдік майымен, маргарин және соған ұқсас өнімдермен, сары маймен, нан-тоқаш және кондитерлік өнімдермен, макарон, ет сияқты өнімдері, жарма және тазартылған күріш бойынша қамтамасыз етілу 0,80-ден жоғары. Қалған тауарлар бойынша өзін-өзі қамтамасыз етудің төмен деңгейі технологиялардың, сапалы шикізаттың болмауына немесе жеміс-көкөніс өнімдері бойынша климаттық жағдайларға байланысты. Алайда, бұл тауарларды импорттауды жалғастыра отырып, ел шұжық өнімдері, сүт өнімдері бойынша өзін-өзі қамтамасыз етудің қажетті деңгейіне жетуі мүмкін. Отандық азық-түлік өнімдерін өндірушілер саны өсті. Азық-түлік өндірушілері арасында нан-тоқаш және ұн өнімдері өндірісі бойынша өндірушілердің тіркелген саны өсіп, 874 бірлікті құрады. Ұн тарту өнер-кәсібі өнімдерін, крахмалдар мен крахмал өндірісінде 611 бірлік, сүт өндірісінде 410 бірлік, жемістер мен көкөністерді қайта өңдеу және консервілеу саласында 186 бірлік, өсімдік және жануарлар майлары мен майларды қайта өңдеу және консервілеу саласында 140 бірлік, балықты, асшаян тәрізділер мен ұлуларды қайта өңдеу және консервілеу саласында 114 бірлік және тамақ өнімдері өндірісінде 513 бірлік кәсіпорын жұмыс істеді. Қазақстанда тамақ өнімдерін өндірушілердің ең көп саны Алматыда, яғни 616 бірлік. Екінші орында – Шығыс Қазақстан облысы (317 бірлік). Үшінші орында – Алматы облысы, яғни 306 кәсіпорын тіркелген. Атырау және Маңғыстау облыстарында азық-түлік өндірушілердің ең аз саны тіркелген, сәйкесінше 67; 57 кәсіпорын жұмыс істеген [7].

Бұған қоса ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтеріне сәйкес, өткен жылдармен салыстырғанда 2018 жылы [8] тұрғындардың азық-түлік өнімдерін тұтынудың бағыттарында өзгерістер болғандығын байқауға болады (1 кесте). Өткен жылмен салыстырғанда шұжық өнімдері, қант және бидай ұнынан басқа тамақ өнімдерінің негізгі топтары бойынша тұтынудың артуы байқалған.

Рынок продовольственной продукции

Күріш, макарон өнімдерін тұтынудың артуы – күтілетін жағдай, себебі бұл өнімдер тұрғындардың мәзірінде азайған етті тұтынуды алмастырады. Ұнды қолданудың дәстүрлі ұлғаюы нан мен етті тұтынудың азаюымен байланысты болды. Аса қымбат тамақ өнімдерін қолжетімді өнімдерге алмастыру орын алып жатыр, ұнды қолданудың артуы макарон өнімдеріне деген сұраныстың төмендеуіне әкелді. Дайын өнімнің қымбаттауына байланысты, тұрғындар арасында дәстүрлі ас әзірлеу әдістеріне көшу жағдайлары артып жатыр. Жалпы алғанда, азық-түлік өнімдеріне деген тұтынушылық сұраныс бағаға байланысты икемсіз, азық-түлік өнімдерінің жеке-леген топтарының және ассортименттерінің бағаларына қатысты ғана өзгерістер болуы мүмкін. Бір тауардың бағасының өсуі, оны алмастырушы тауарларға деген сұранысты арттырады. Картоп пен көкөністердің бағасының тұрақтылығы, оларды тұтынудың өсуіне әкелді.

Азық-түлікке қолжетімділік жағдайларына талдау жасай отырып, біздің көзқарасымыз бойынша өңірлік аспектіні де ескеру

қажет деп ойлаймыз. Кең байтақ аумағы, климаттық, географиялық жағдайлары, тамақтануда, өнімдерді сақтауда дәстүрлері бар біздің еліміз үшін тамақтану жағдайлары әркелкі болмақ. Ауыл және қала тұрғындарының азық-түлікті тұтынуларына жасалған талдау, ауылдықтардың қалалықтарға қарағанда нашар тамақтанатындығы байқалуда, мұнда ең үлкен алшақтық нан және нан өнімдерін, макарон өнімдерін, етті және шұжық өнімдерін тұтынуда байқалуда.

Сонымен қатар қой етін, қаймағы алынбағын сүтті тұтыну мөлшері қалалықтарға қарағанда ауыл тұрғындары арасында жеке шаруа қожалықтарының болуына байланысты жоғары екендігін атап өту керек. Сонымен бірге, сиыр етін, жұмыртқаны, кілегейді, қаймақты тұтынудың төмендігі, ауылдық елді-мекендердегі жеке қосалқы шаруашылықтарда өндірілетін аталмыш өнімдерге нарықта сұраныстың жоғарылығына байланысты ауыл тұрғындарының осы өнімдерді нарыққа сатуға мәжбүр етіп отыр.

Қала тұрғындарының көбірек құс етін, көкөністерді, картопты, қантты, балықты тұтынуы бір деңгейде сақталып отыр.

1 кесте – Тұрғындардың тамақ өнімдерін тұтынуы (бір жылға орташа жан басына шаққанда, кг)

Өнімдер	2015	2016	2017	2018	Тұрғындар	
					қала	ауыл
Бидай наны	55,0	56,2	55,3	52,5	51,4	54,1
Бидай ұны	24,0	24,7	25,1	26,7	20,7	34,7
Күріш	15,7	15,4	16,0	16,0	15,0	17,2
Макарон өнімдері	24,2	23,7	24,9	25,7	21,4	31,5
Картоп	48,5	48,6	46,9	48,6	49,5	47,3
Көкөністер	90,2	89,3	88,5	94,1	95,1	92,7
Жемістер мен жидектер, бақша өнімдерін қоса алғанда	64,4	61,4	64,6	74,9	80,0	67,9
Сиыр еті	25,0	24,5	23,9	24,8	26,5	22,4
Қой еті	6,9	6,8	6,3	6,4	2,9	11,0
Шошқа еті	3,1	3,0	2,9	3,3	3,4	3,1
Құс еті	15,7	14,8	15,3	17,0	18,4	15,2
Шұжық өнімдері, көптірілген еттер	8,3	8,3	8,5	7,9	8,7	6,8
Қаймағы алынбаған сүт, л	46,2	45,5	46,8	50,4	48,9	52,3
Қаймақ пен кілегей	4,6	4,9	4,9	4,9	5,3	4,4
Қант	21,5	20,7	20,8	20,3	20,3	20,2
Балық және балық консервілері	11,1	10,7	10,5	12,9	12,7	13,2
Жұмыртқа, дана	164,0	164,7	168,5	193,3	212,1	168,0
Шай	2,4	2,4	2,4	2,0	2,0	2,1

Ескерту: Авторлар тарапынан [қараңыз 8] әдебиет негізінде құрастырылған.

Республика және оның өңірлері бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан жоғары және төмен халықтың екі тобының тамақ өнімдерінің негізгі топтарын тұтынуын салыстырған кезде ең үлкен дифференциация (екі-үш есе) ет және ет өнімдерін, сүт және сүт өнімдерін, жұмырт-

қаны, сондай-ақ жемістер мен көкөністерді тұтынуы бойынша байқалуда (2 кесте).

Сонымен қатар, ең шеткі децильдік топтар арасында айтарлықтай саралану байқалып отыр, мысалы, біршама аз қаражаты бар тұрғындардың 10%-ы біршама көп қаражаты бар тұрғындардың 10%-ымен

Рынок продовольственной продукции

салыстырғанда жемістерді, ет және ет өнімдерін, балық пен теңіз өнімдерін, сүт және сүт өнімдері мен жұмыртқаны екі-үш есеге аз тұтынған [қараңыз 8]. Сандық көрсеткіштер қазақстандықтардың азық-түлік рационының әртүрлілігінің төмендегенін және «пайдалы» азық-түліктің үлесінің азайғандығын көрсетуде.

Халықтың тұтынған тамақ өнімдерінің энергетикалық құндылығы 2018 ж. – 3 184 калорияны құрады, өңірлер бойынша Шымкент қаласы мен Шығыс Қазақстан облысында ең жоғары көрсеткіш, ал ең төменгі көрсеткіш Нұр-Сұлтан қаласында тіркелген. 2018 жылы Қазақстан Республикасының аймақтары бойынша халықтың жан басына шаққандағы тәуліктік рационындағы тамақ

өнімдеріндегі тұтынған тағамдық заттардың құрамында ақуыздар 13,1%-ды, ал майлар мен көмірсулар 34,2 және 52,5%-ды құрады [қараңыз 8]. Тамақтанудың жоғары энергетикалық құндылығы, жеткілікті тамақтанудың көрсеткіші болып табылмайды. Ақпарат көздері бойынша ол майлар мен көмірсулар арқылы толықтырылады. Қала халқының рационында ақуызды тағам, ал ауылдық елді мекен тұрғындарында тағам құрамында көмірсулардың үлесі басым. Сандық көрсеткіштерді талдайтын болсақ, 2018 жылы тағамның құрамындағы көмірсулар азайған. Сонымен қатар, тамақ депривациясының деңгейі ең төменгі рұқсат етілген деңгейден төмен халықтың үлесі 2017 жылы 3,6%-ды, ал 2018 жылы 4,6%-ды құрады.

2 кесте – 2018 жылы өңірлер бойынша бір айда үй шаруашылығының 1 мүшесіне шаққандағы азық-түлік өнімдерін тұтынуы, кг

Өнімдер	Тұтыну					
	табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен жоғары тұрғындардың тамақ өнімдерін тұтынуы			табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен тұрғындардың тамақ өнімдерін тұтынуы		
	ҚР	min	max	ҚР	min	max
Нан өнімі және жарма	11,6	8,8 (Нұр-Сұлтан қ.)	15,2 (Шымкент қ.)	8,7	6,4 (Солтүстік Қазақстан обл.)	10,9 (Түркістан обл.)
Ет пен ет өнімдері	6,6	5,2 (Түркістан обл.)	7,6 (Ақмола, Қарағанды обл.)	2,9	2,4 (Солтүстік Қазақстан обл. Шымкент қ.)	4,7 (Атырау обл.)
Балық және теңіз өнімі	1,1	0,7 (Шығыс Қазақстан обл.)	1,6 (Атырау, Солтүстік Қазақстан обл.)	0,6	0,0 (Шымкент қ.)	1,3 (Түркістан обл.)
Сүт өнімдері	22,1	17,5 (Қостанай обл.)	26,8 (Ақмола обл.)	10,7	5,4 (Қостанай обл.)	14,2 (Атырау обл.)
Жұмыртқа, дана	16,3	10,9 (Маңғыстау обл.)	22,8 (Қарағанды обл.)	8,7	4,1 (Алматы қ.)	14,2 (Солтүстік Қазақстан обл.)
Май және тоң май	1,6	1,3 (Алматы обл.)	2,1 (Ақмола обл.)	1,1	0,7 (Шымкент қ.)	1,7 (Атырау обл.)
Жемістер	6,3	4,7 (Қостанай обл.)	7,3 (Шымкент қ. Маңғыстау обл.)	2,9	1,4 (Алматы қ.)	4,3 (Маңғыстау обл.)
Көкөністер	7,9	6,4 (Ақтөбе обл.)	9,7 (Шымкент қ.)	4,4	1,9 (Нұр-Сұлтан қ.)	4,9 (Батыс Қазақстан обл.)
Картоп	4,1	3,6 (Алматы обл.)	5,1 (Қарағанды обл.)	2,6	1,5 (Алматы қ., Алматы обл.)	3,6 (Батыс Қазақстан обл.)
Қант, кондитерлік өнімдер және тәттілер	3,9	3,0 (Нұр-Сұлтан қ.)	5,0 (Шымкент қ.)	2,2	1,2 (Нұр-Сұлтан қ.)	3,1 (Қызылорда обл.)

Ескерту: авторлар тарапынан [қараңыз 8] әдебиет негізінде құрастырылған.

2 кестеде берілген көрсеткіштер бойынша өнімді тұтынуға айтарлықтай дифференциация бар. Егер жекелеген өнімдер бойынша бұл айырмашылықты климаттық жағдайларға байланысты неғұрлым құнарлы азық-түлікке деген сұраныспен (жұмыртқа, ет-сүт өнімдері, картоп), осы өңірдегі азық-түлік өндірудегі және дәстүрлі тұтынуға (балық, көкөніс) қажеттілікпен

(немесе осы қажеттіліктің болмауымен) түсіндіруге болатын болса, талдау көрсеткендей қалған өнімдер бойынша тұтынуға баға мен табыс айтарлықтай әсерін тигізген.

Республика тұрғындарының азық-түлік өнімдеріне деген сұранысына экономикалық жағдай мен онымен байланысты халық табысының төмендеуі, инфляцияның өсуі айтарлықтай әсер етті. 2016 жылы елдегі

нақты ақшалай табыстар алдыңғы жылғы деңгеймен салыстырғанда 4,5%-ға қысқарды. Бұл 2010 жылдан бері көрсеткіштің алғашқы жылдық қысқаруы болды. 2018 жылы Статистика комитетінің мәліметтері бойынша нақты ақшалай табыстар индексі алдыңғы жылмен салыстырғанда 105,0%-ды құрады. Азық-түлік өнімдерінің тұтынушылық баға индексі 2016 жылы – 12,2%; 2017 ж. – 108,2% ал 2018 жылы 104,8%-ды құрады. Халық табысының барлық түрлерінің артуына қарамастан, бағаның өсуіне байланысты халықтың азық-түлік өнімдеріне деген ақшалай шығыстары да артып келеді. Мұны нан және нан өнімдерін емес, ет, балық, жемістер мен көкөністерді тұтынудың артуы кезінде оң тенденция түрінде қарастыруға болады. Баға индексі 2018 жылы өткен жылмен салыстырғанда нан және нан өнімдері бойынша 103,8%-ды, балық және теңіз өнімдері бойынша 107,6%-ды, сүт өнімдері бойынша 109,4%-ды құрады. Ең жоғары өсім Қарағанды облысында яғни 13,7%-ды құрады. Ет және ет өнімдерінің баға индексі 2018 жылы өткен жылмен салыстырғанда 107,9%-ды, сиыр етінің (109,0%), қой етінің (107,4%) және тартылған еттің (109,8%) бағалары өсті [қараңыз 8].

Бағаның өсуі азық-түлік тауарларына шығындардың өсуіне алып келді. 2015 жылға дейін тұтынушылық сатып алу қабілеті өсті, ал 2016-2017 жылдары тауарлардың барлық түрлері бойынша төмендеді. 2018 жылы сиыр еті, мал майы тәрізді азық-түлік түрлері бойынша 2017 жылғы деңгейде сатып алу қабілеті сақталса, пісірілген шұжық бойынша 2014 жылғы деңгейге жетті және өсу байқалады; бірақ өсімдік майы, бидай наны бойынша 2014 жылғы деңгейге жетпеді, картоп, қант, жұмыртқа өнімдері бойынша тұтынушылардың сатып алу қабілеті артты.

Нан және нан өнімдеріне шығындардың үлесі 2018 жылы барлық тұтынушыларының 6,8%-ын, ет, құс және балық 17,8%-ды, сүт өнімдері мен жұмыртқа 5,9%-ды, майлар мен тоң майларға 2,6%-ды, жемістер мен көкөністерге 7,7%-ды, қант және кондитерлік өнімдерге 3,7%-ды, алкогольсіз сусындарға 2,1%-ды, үйден тыс тамақтану мен сусындар сатып алуға 2,3%-ды құрады. Сонымен, қала халқының орташа жан басына шаққанда азық-түлік тауарларына ақшалай мәндегі шығыстары ауыл халқының шығынынан 1,3 есе көп, ал тұтынуға арналған ақшалай шығыстар 1,7 есеге артық, бұл қала халқының ақылы қызметтерге жұмсайтын шығыстарының

көптігімен байланысты болып отыр [қараңыз 8].

Тұтыну шығыстарының құрылымында халықтың азық-түлік тауарларына арналған шығыстары 2018 жылы 2014 жылға қарағанда 46,7-ден 52,2-ге дейін ұлғайды, ал дамыған елдерде бұл көрсеткіш төмен (әдетте 10%-дан аспайды). Негізінен, тамақтануға жұмсалатын шығыстардың үлес салмағы жалпы елдің даму деңгейіне кері пропорционалды екені белгілі.

Ел халқы жеткілікті азық-түлікпен қамтамасыз ету азық-түлік қауіпсіздігі мен жалпы қоғам үшін тамақ гигиенасын қамтамасыз ету мақсатын көздеген, ұлттық стратегияны қабылдауды талап етеді.

Мемлекет қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада қол жеткізілетін базалық деңгейлерді бақылауы тиіс. Халықты жеткілікті азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелеріне қатысы бар мемлекеттік институттарды реформалау мен жетілдіру, келісілген саясатты, жоспарларды және бағдарламаларды жүзеге асыру, мониторингілеу мен бағалау үшін үйлестірілген сектораралық тетіктер құруды қамтамасыз ету қажет. Қазақстанға азық-түлікке жұмсалатын шығындар мен тамақ қалдықтарының көлемін азайтуға, тұтынушыларды тұрақты және салауатты тамақтану рационына көшуге ынталандыруға, өндірістің және өндірістік-өткізу тізбектерінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге қабілетті тұрақты азық-түлік жүйесін құруға бағытталған "Тұрақты азық-түлік жүйесі" бағдарламасына қосылу қажет.

Тұжырымдар.

1. Аштық мәселесі өзекті емес, сонымен қатар қала және ауыл халқының, өңірлер бойынша, децильдік топтар бойынша, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен жоғары және төменгі халық топтары бойынша азық-түлікке қолжетімділікте алшақтық бар.

2. Халықтың тұтынған тамақ өнімдерінің энергетикалық құндылығы жалпы жоғары, бірақ майларды және көмірсуларды тұтыну есебінен қол жеткізіліп отыр. Азық-түлік өнімдерінің бағасының өсуі оған қолжетімділікті төмендетеді және қымбат азық-түлік өнімдерін арзан өнімдермен алмастырылу арқылы тұрғындардың азық-түлік рационында теңгерімсіздікке жол ашады.

3. Тұтыну шығындарының құрылымында тұрғындардың азық-түлік тауарларына деген шығын өсуде. Аумақтық-әкімшілік құрылым тұрғысынан қарайтын болсақ, қала халқының орташа жан басына шаққанда азық-түлік тауарларына ақшалай мәндегі

шығыстары ауыл халқының шығынынан 1,3 есе көп, ал тұтынуға арналған ақшалай шығыстар 1,7 есеге артық, мұндай алшақтық қала халқының ақылы қызметтерге жұмсайтын шығындарының жоғарылығына байланысты болып отыр.

4. Институционалдық негіз тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз етуге қабілетті немесе қабілетсіз экономикалық ортаны, нарыққа және бөлшек саудаға түсетін азық-түлікті реттеуге, нарықтардың жұмыс істеу шарттарын айқындауға, табиғи ресурстарға қол жеткізуді реттеуге және мемлекеттік қолдау құқығын айқындауы тиіс.

5. Тұрғындарды жеткілікті азық-түлікпен қамтамасыз етудің оңтайлы тетіктерін айқындау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатын көздеген, ұлттық стратегияны қабылдауды талап етеді.

Әдебиеттер тізімі

1 Официальный сайт ООН (2020) [Электронный ресурс].- URL: <http://www.un.org/ru/sections/issues-depth/food/index.html> (дата обращения: 14.01.2020).

2 Food Security & Nutrition around the Worldhttp (2019) [Electronic resource] //www.fao.org/state-of-food-security-nutrition/en (date of access: 14.01.2020).

3 Международный пакт об экономических, социальных и культурных правах (1966) [Электронный ресурс] URL: http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pactecon.shtml (дата обращения: 14.01.2020).

4 Брошюра "Права человека: изложение фактов". Объединенные Нации. Права человека. Управление Верховного комиссара по правам человека. Право на достаточное питание. – Женева, 2011.- 65 с.

5 Никитина, Г.А. Проблемы и пути обеспечения продовольственной независимости Республики Казахстан /Г.А. Никитина // Проблемы агрорынка.- 2016.- № 1.-С. 15-22.

6 Kozhakhmetova, G.A. Food security as a priority of agricultural policy/ G.A. Kozhakhmetova, O.V. Lashkareva, T.A. Taipov // Problems of AgriMarket.- 2018.- № 2.-P.43-50.

7 Производство продуктов питания в Казахстане. Обзор производителей в Казах-

стане (2018) [Электронный ресурс] URL: <http://www.blog.kazdata.kz/companies/analiz-rynka-proizvodstvo-produktov-pitaniya-v-kazaxstane-obzor-proizvoditelej.html> (дата обращения: 14.01. 2020).

8 Официальные статистические данные Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан (2019) [Электронный ресурс] URL: <http://www.stat.gov.kz> (дата обращения: 14.01.2020).

References

1 United Nations official website (2020) [Electronic resource].- URL: <http://www.un.org/ru/sections/issues-depth/food/index.html> (date of access: 14.01.2020).

2 Food Security & Nutrition around the Worldhttp (2019) [Electronic resource] //www.fao.org/state-of-food-security-nutrition/en (date of access: 14.01.2020).

3 International Covenant on Economic, Social and Cultural Rights (1966) [Electronic resource] URL: http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pactecon.shtml (date of access: 14.01.2020).

4 Brochure Human Rights: Statement of Facts. United Nations. Human rights. Office of the High Commissioner for Human Rights. The right to adequate food. - Geneva, 2011.- 65 pp.

5 Nikitina, G.A. Problems and Ways of Ensuring Food Independence of the Republic of Kazakhstan / G.A. Nikitina // Problems of the AgriMarket.-2016.- № 1.-P. 15-22.

6 Kozhakhmetova, G.A. Food security as a priority of agricultural policy/ G.A. Kozhakhmetova, O.V. Lashkareva, T.A. Taipov // Problems of AgriMarket.- 2018.- № 2.-P.43-50.

7 Food production in Kazakhstan. Overview of manufacturers in Kazakhstan (2018) [Electronic resource] URL: <http://www.blog.kazdata.kz/companies/analiz-rynka-proizvodstvo-produktov-pitaniya-v-kazaxstane-obzor-proizvoditelej.html> (date of access: 14.01. 2020).

8 Official statistics of the Committee on Statistics of the Ministry of National Economy of the Republic of Kazakhstan (2019) [Electronic resource] URL: <http://www.stat.gov.kz> (date of access: 14.01. 2020).